

Төрағасы
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
1998 жылғы 31 желтоқсандағы
N 359 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
қысқа мерзімді валюта ноттарын орналастыру,
айналысқа шығару және өтеу ережесі**

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі эмиссиялайтын қысқа мерзімді валюта ноттарын орналастыру, айналысқа шығару және өтеу тәртібін реттейді.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттары айналымдағы ақша массасын реттеуге арналған ақша-кредит және валюта саясатының құралы болып саналады.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын шығарғанда, айналысқа шығарғанда және өтеген кезде есеп айырысу теңгемен жүргізіледі.

3. Валюта АҚШ долларын немесе ЕВРО-ны білдіреді.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 90 күнге дейінгі айналыс мерзімімен айналысқа шығарады және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бастапқы кезде нақты құнынан төмен сатады және нақты құны бойынша өтейтін болады.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттары айналысқа түсетін мемлекеттік бағалы қағаздар болып табылады.

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарының шығарылу күні, ең жоғары түсімділік деңгейі және айналыс мерзімі оларды шығару тәртібін хабарлаған кезде айқындалады.

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттары құжаттамасыз нысанда шығарылады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарының нақты құны 100 валюта бірлігін құрайды.

8. Кесімді баға - тапсырыстарды қанағаттандырумен аяқталатын ең төменгі дисконттелген баға.

9. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын орналастыру Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары - Алғашқы агенттер арқылы жүзеге асырылады.

10. Бағалы қағаздар рыногында дилерлік және/немесе брокерлік қызметті жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының лицензиясы бар және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарымен операцияларға қызмет көрсету туралы шарт жасасқан бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары болып саналатын заңды тұлға алғашқы агент болады.

11. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарымен операцияларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Алғашқы агент арасында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарымен операцияларға қызмет көрсету туралы шарт жасалады.

12. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын орналастыру екі әдіспен жүзеге асырылады:

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өткізетін аукцион әдісімен;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған қысқа мерзімді валюта ноттарын Алғашқы агентпен келісілген баға бойынша сату әдісімен.

13. Аукциондық әдісте тапсырыстарды қанағаттандыру ең аз дисконттан басталады да, барлық жарияланған эмиссия көлемі тамамдалатын кездегі дисконтпен аяқталады.

14. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзі жүргізіп отырған ақша-кредит және валюта саясатының бағыттарына, сондай-ақ қаржы рыногындағы қалыптасқан жағдайға сәйкес аукционға қатысушылардың Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын сатып алуға берген өтінімдерін аукцион шарттарында белгіленген көлемнен төмен не жоғары мөлшерде қанағаттандыруға құқылы.

15. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аукцион өткізілетін күні және/немесе келесі жұмыс күні аукционда қалыптасқан орташа алынған дисконттелген бағадан төмен емес баға бойынша, мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге уәкілетті бөлімшеге жетекшілік ететін Төрағаның орынбасары белгілеген көлемге жеткенше өзі шығарған қысқа мерзімді валюта ноттарымен толықтырып орналастыруға құқылы.

16. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Алғашқы агентпен келісе отырып өзі шығаратын қысқа мерзімді валюта ноттарының өтеу мерзімін ауыстыруға құқылы.

17. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзі жүргізіп отырған ақша-кредит және валюта саясатының бағыттарына сәйкес қаржы рыногының жағдайына оперативті ықпал ету мақсатында мемлекеттік бағалы қағаздардың қайталама рыногында өзі шығарған қысқа мерзімді валюта ноттарын сатып алуға және сатуға құқылы.

18. Инвесторлар Алғашқы агенттермен бағалы қағаздар рыногында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарымен мәмілелерге қызмет көрсетуге шарт жасай отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарымен мәмілені тек солар арқылы ғана жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарының аукционын өткізу тәртібі және оларды алғашқы агенттермен келісілген баға бойынша сату жолымен орналастыру

19. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын орналастыруға байланысты барлық ақпарат Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген мәліметтер беретін электронды жүйе арқылы беріледі.

20. Мәліметтер беретін электронды жүйе бойынша берілген барлық электронды хабарлар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орнатқан бағдарлама-киптографиялық қорғау жүйесінің көмегімен шифрланады.

21. Мәліметтер беретін электронды жүйе арқылы хабар берудің техникалық мүмкіндігі болмаған жағдайда, хабардағы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген нысандар бойынша қағаз жазбада беруге рұқсат етіледі.

22. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қысқа мерзімді валюта ноттарының аукциондарын өткізуден кем дегенде 1 жұмыс күні бұрын Алғашқы агенттерге мәліметтер беретін электронды жүйе арқылы аукцион өткізу талаптарын хабарлап, сонымен бірге оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

23. Мемлекеттік бағалы қағаздар рыногының қатысушылары аукцион өткізілетін күні шығару шарттарында белгіленген көлемде, бәсекелік және бәсекелік емес ұсыныстармен бірге өтінімдер бере алады.

24. Берілген өтінімнің бәсекелік ұсыныстарында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарының саны, валютамен көрсетілген бір ноттың ұсынылған дисконттелген бағасы, нақты құны және валютамен көрсетілген дисконттелген бағасы көрсетіледі.

25. Бәсеке емес ұсыныстарда аукционда валютамен көрсетілген бағамен қалыптасқан орташа алынған баға бойынша қатысушылар сатып ала алатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарының жалпы бағасы ғана көрсетіледі.

26. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарының аукционын өткізетін күні 9.00-ден 11.00-ге дейін Алғашқы агенттер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге уәкілетті бөлімшесіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын сатып алуға электронды жүйе арқылы бәсекелік және бәсекелік емес ұсыныстармен бірге өтінімдер береді.

27. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын сатып алуға берілетін өтінімдер оны автоматты режимде беруге

арналған белгіленген нысандағы бланкті толтыру жолымен ресімделеді.

28. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге уәкілетті бөлімшесі аукцион өткізілетін күні 11.00-ден бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын сатып алу өтінімдерін жиынтық ведомосқа қорытындылайды, оған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге уәкілетті бөлімшесінің басшысы қол қойып, аукцион өткізілген күні 11.30-да Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге уәкілетті бөлімшесіне жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарына ұсынады .

29. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басшылығы 11.30-дан 12.00-ге дейін аукцион өткізу үшін аукционда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарының талаптары және сатып алу өтінімдерін қанағаттандыру көлемі жөнінде шешім қабылдайды. Аталған шешім мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге уәкілетті бөлімшеге жетекшілік ететін Төрағаның орынбасары қол қойған өкіммен ресімделеді.

30. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аукционның талаптарын жариялаған кезде қаржы рыногындағы қалыптасқан жағдайды ескере отырып, Алғашқы агенттер мен резидент емес инвесторларға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарының бәсекелік емес өтінімдерінің қанағаттандыру үлесін, сондай-ақ сату көлемінің үлесін дербес анықтайды .

31. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі оперативті түрде, аукцион өткізілетін күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттары аукционының жарияланған шарттарының қысқа мерзімді валюта ноттарын Алғашқы агенттердің және инвесторлардың сатып алуын, резидент еместердің қатысуын және бәсеке емес өтінімдерді қанағаттандыруды шектеу бөлігін өзгертуге құқылы .

32. Мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге уәкілетті бөлімше Алғашқы агенттерге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын сатып алуға берген өтінімдерінің қанағаттандырылған көлемі туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарының аукционы өткізілетін күні 13.00-ге дейін хабарлайды.

33. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары қол қойған тиісті өкім негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын қосымша орналастыру туралы шешім қабылданған жағдайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге уәкілетті бөлімшесі мәліметтер беретін

электронды жүйе арқылы Алғашқы агенттерге қосымша орналастыру көлемін және орташа алынған дисконттелген баға жөнінде хабарлайды.

34. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын қосымша орналастыру Алғашқы агенттердің қосымша орналастыру кезінде сатып алған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын төлеу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген күні 16.00-ге дейін Алғашқы агенттерден өтінімдер түсуіне қарай жүзеге асырылуы мүмкін. Қосымша орналастыру кезінде өтінімдер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне нақты келіп түсу уақытына қарай басымдыққа ие болып, қанағаттандырылатын болады.

35. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюталық нотын қосымша орналастырғанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге уәкілетті бөлімшелері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын қосымша орналастырудың күндізгі 16.30 дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын сатып алуға өтінімдерін қанағаттандыру көлемі туралы хабарламаны Алғашқы агенттеріне береді.

36. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюталық нотын сатып алуға ақы Алғашқы агенттерімен ақы төленетін күннен бұрынғы күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша теңгемен төленеді.

37. Алғашқы агенттер аукционнан сатып алынған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюталық нотысының ақысына немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Алғашқы агенттер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарына ақы төлеу үшін бекіткен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюталық ноттарын күндізгі 17.00-дан кешіктірмей қосымша орналастырғаннан кейін қаражат аударуға міндетті.

38. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге уәкілетті бөлімшелері әр Алғашқы агенттен қанағаттандырылған өтінімдер көлеміне және олар түскеннен кейінгі жұмыс күніне түскен ақшаның сәйкестігін тексереді, 11.00-ге дейінгі мерзімде деректер хабарлайтын электрондық жүйе бойынша Алғашқы агенттерге сатып алынған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарына төлемге ақша түскені туралы хабарламаны және Бағалы қағаздар депозитарийіне мемлекеттік бағалы қағаздар ұстаушылардың тізімін береді.

39. Егер Алғашқы агенттен 17.00-ге дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарының ақысына қаражат түспесе, онда 17.00-ден кейін түскен ақша бір күнге мерзімі өтіп түскен ақша есебінде

қ а р а л а д ы .

40. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінен деректер хабарлайтын электрондық жүйе арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын сатып алуға түскен ақша туралы хабарламаны алғаннан кейін Алғашқы агенттер инвесторға қағаз жүзінде, егер инвестордың Алғашқы агентпен шартында басқаша көзделмесе, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарына оның меншік құқығын куәлендіретін куәлік береді.

41. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығаратын қысқа мерзімді валюта ноттарын Алғашқы агенттермен алдын ала келісілген баға бойынша сатқанда қысқа мерзімді валюта ноттарының сату көлемі, оның ақысы және өтеу Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген талаптарға сәйкес және аукциондық әдіспен орналастыру үшін осы Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын айналысқа шығару және өтеу

42. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын айналысқа шығару Алғашқы агенттердің аукционда ие болған қысқа мерзімді валюта ноттарына ақы төлеуі үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген күннен басталады.

43. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын есепке алу және ол бойынша құқықтар, сондай-ақ олармен жасалатын мәмілелерге техникалық қызмет көрсету Алғашқы агенттер бойынша Ұлттық Банк белгілеген Бағалы қағаздар депозитарийіндегі "депо" есепшоттары бойынша олардың инвесторлары бойынша - делдалдық және/немесе және бірінші санаттағы дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар - олардың Алғашқы агенттерде ашылған "депо" есепшоттары бойынша жүзеге асырылады.

44. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарының иегерлері оларды кепілдікке беруге, РЕПО операцияларын және кері РЕПО жүргізуге, қайталама рынокта сатуға және сатып алуға құқылы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарымен қайталама рыноктағы мәмілелері көрсетілген өтем жасалуға тиісті екі жұмыс күні ішінде тоқтатылады.

45. Депозитарий Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын өтем жасалатын келесі жұмыс күні 17.30-дан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарын ұстаушылардың - Алғашқы агенттердің тізімін, олардың банктік деректемелерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарының

санын және валютадағы нақтылы құны бойынша көлемін көрсете отырып, мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге уәкілетті бөлімшесіне береді.

46. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарының нақтылы құнын өтеуді өтем жасалатын күннен бұрынғы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша теңгемен жүргізеді.

47. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттары өтелгеннен кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге уәкілетті бөлімшесі өтем жасалғаны туралы Депозитарийге хабар жібереді.

48. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді валюта ноттарымен операциялар жасау: кепілдікке беру, РЕПО операциялары және кері РЕПО, сатып алу немесе сату, сондай-ақ басқа операциялар биржалық және биржадан тыс рыноктарда мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізу тәртібін реттеуші нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы